


Қазанның алтысы Сынып жұмысы Уақыт - өмір



1-тапсырма.

Қате жазылған сөйлемдерді тауып, себебін түсіндір


- Табысты адамдар таңертең ерте **тұрамын**.
- Бірақ бұл өте ерте тұрып алуды көздемейді.
- Тек сіз үлгеретін уақытыңызды анықтап алыңыз, сосын сол **уақытта** тұрып үйреніңіз
- **Бизнесменде** әрқашан да жұмысқа ерте барады.
- “Ерте тұрған адамның ырысы да, бір ісі де артық” екенін ұмытпаңыз.
- «Pepsi» **компаниясының** бұрынғы төрағасы – Стив Рейнмунд таңғы 5.00-де тұрып, 7 шақырымды жүгіріп өтеді екен.
- Ал “Apple” компаниясының бас директоры Том Кук таңғы 5.00-де жаттығу **залында** болады.
- Табысты **адамлар** бір күннің жоспарын жазып алады.
- Күнді қалай өткізетінін **білесің**.
- Өйткені әр **минуттің** олар үшін құны бар.
- Олар жоспардағы істерінің **тәртібі** бұзса, талай мәселелері шешілмей қалатынын түсінеді.



1-тапсырма.

Қате жазылған сөздерді тексер!

- Табысты адамдар таңертең ерте **тұрады**.
- Бірақ бұл өте ерте тұрып алуды көздемейді.
- Тек сіз үлгеретін уақытыңызды анықтап алыңыз, сосын сол **уақытта** тұрып үйреніңіз
- **Бизнесмендер** әрқашан да жұмысқа ерте барады.
- “Ерте тұрған адамның ырысы да, бір ісі де артық” екенін ұмытпаңыз.
- «Pepsi» **компаниясының** бұрынғы төрағасы – Стив Рейнмунд таңғы 5.00-де тұрып, 7 шақырымды жүгіріп өтеді екен.
- Ал “Apple” компаниясының бас директоры Том Кук таңғы 5.00-де жаттығу **залында** болады.
- Табысты **адамдар** бір күннің жоспарын жазып алады.
- Күнді қалай өткізетінін **біледі**.
- Өйткені әр **минуттың** олар үшін құны бар.
- Олар жоспардағы істерінің **тәртібін** бұзса, талай мәселелері шешілмей қалатынын түсінеді.



2-тапсырма. Кестені толтыр

Табысты адамдар – кімдер?	Олар не істейді?	Пайдалы кеңестер



2-тапсырма.

Кестені толтыр

Табысты адамдар – кімдер?	Олар не істейді?	Пайдалы кеңестер
Бизнесмендер	Ерте тұрады	Таңертең ерте тұр
Тим Кук	Денсаулығын күтеді	Өз денсаулығыңа күтім жаса
Стив Рейнмунд	Күнін жоспарлайды	Әр күніңді алдын ала парла



3-тапсырма.

Мәтінге тақырып қой.

Мәтін бойынша жоспар құр



Уақыт қайта айналып келмейді.

Жоспар:

- Уақыт бізбен санаспайды.
- Жастықтың бір күні – өмірлік азық.
- Алтыныңды бағала!



4-тапсырма.

Мәтіндегі ақпаратты “**Төрт сөйлем**” тәсілін пайдаланып айтыңдар



- **Пікір.** Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.
- **Дәлел.** Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.
- **Мысал.** Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.
- **Қорытынды.** Тақырып бойынша қорытынды жаз.


5-тапсырма.

Сұрақтарға жауап жаз.

Сұрақ	Жауап
Адамның несі мақсатсыз өтпеуі тиіс?	
Адам нені дұрыс жұмсауды үйренуі қажет?	
Әр күнді қалай өткізу керек?	
Уақыт қалай өтуде?	
Қазіргі шақты қалай пайдаланған дұрыс?	
Адам үшін ең қымбат нәрсе – не ?	



Одағай сөз дегеніміз-адамның әр алуан көңіл күйін білдіреді, басқа сөздермен байланысқа түспейді, сөйлем мүшесі болмайды.





7-тапсырма.
Абай өлеңі мен мәтіндегі ақпаратты
салыстыр

“Сағаттың шықылдағы емес ермек”	мәтін
Қайта айналмас, бұрылмас бұлдыр заман	
Өткен өмір белгісі – осы сыбдыр Көңілді күнде сындыр, әлде тындыр	

8-тапсырма.

“Қос жазба” күнделігі.

Уақыт туралы берілген дәйексөздерге түсініктеме жаз

Дәйексөз	Түсініктеме
Қандай әрекет қылатыныңды ойлан, бірақ оны қалай орындайтыныңды көбірек ойлан (Иоганн Вольфганг Гете)	
Уақыт біреуге ұзақ, біреуге қысқа болып көрінуі мүмкін. Бұл – оның қандай іспен, не тірлікпен толтырғандығына байланысты (Самуил Маршак)	



9-тапсырма.

Жағдаят:

Досың екеуің кездесуге уәделестіңдер. Сен кездесуге кешігіп келдің. Досың сені ұзақ күтіп, сен келгенше кетіп қалды.

Не істейсің?



Есте сақта!

- Өз бойыңдағы қайрат-жігерді игілікке жұмса.
- Уақыт ешқашан тоқтамайды.





Үй жұмысы:

“Уақыт – ұлы күш”
бөлімін қайталау,
нәтиже сабаққа
дайындалып келу.
34-53 беттер